

## Атырау инженерлік-гуманитарлық институты

### Бұйрық

Атырау қаласы

№

27 қыркүйек 2019 ж.

### Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты жүргізу бойынша жауапты адамды тағайындау және жұмыс тобын құру туралы

#### §1

1.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әрекеттерін ықпалды да нәтижелі жүргізуді Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңына және ҚР БҒМ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жоғары оқу орындарымен алдын алу шараларын әзірлеу мен қабылдау бойынша әдістемелік ұсынымдарына» сәйкес уақыт талап етуде.

1.2 «Атырау инженерлік-гуманитарлық институты» (бұдан әрі – АИГИ) қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жолын кесу және алдын алуға бағытталған іс-шаралар жоспарлары мен АИГИ-дің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты» бағдарламасын одан әрі батыл жүргізу мен институт қызметіне қоғамның сенімін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелін азайтуға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастыру шаралары жүргізіп, басшылық жасау үшін оқу-әдістемелік мәселелер жөніндегі проректор Ж.С.Хасанова жауапты адам болып есептелсін.

#### §2

2.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты тиімді жүргізіп, сыбайлас жемқорлық әрекетіне жоғары оқу орнының араласу тәуекелін азайту, жемқорлықтың кез-келген түрлері мен көріністері туралы АИГИ қызметкерлерінің атқаратын лауазымына қарамастан біркелкі түсіну саясатын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының негізгі заңнама талаптарын түсіндіру және алға қойған мақсаттарға жету үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруға жауапты АИГИ-дің лауазымды мына тұлғаларынан жұмыс тобы құрылсын:

1. А.Садықов- экономика және кеден ісі кафедрасы меңгерушісі, төраға,
2. Ш.Нұржанова- информатика, басқару және автоматтандыру кафедрасы меңгерушісі,
3. Б.Қадыров-аға оқытушы,
4. А.Тугелбаева –жастар комитеті төрайымы, хатшы,
5. Е.Биғали-«Рухани жаңғыру» орталығы жетекшісі, АИГИ Тәртіптік кеңесі төрағасы.

#### §3

3.1 АИГИ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясы Тәртіптік комиссиямен тығыз ынтымақта жұмыс жүргізсін. Жүзеге асырылған іс-шаралар, стандарттар мен рәсімдердің тізбесі мен олардың орындалу тәртібін мұқият жүргізіп

отырсын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын орындау жауапкершілігі арттырылсын.

3.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруға жауапты тұлға мен жұмыс тобының негізгі міндеттері:

- АИГИ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін ұсыныстар дайындау;
- АИГИ-де сыбайлас жемқорлықтың туындау тәуекелін туғызатын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған ұсыныстарды дайындау;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шараларды жүзеге асыруға бағытталған нормативті актілердің жобасын әзірлеу және АИГИ Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсыну;
- АИГИ қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға бағытталған шараларды жүргізу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізуді ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен оның алдын алу мәселелері бойынша оқыту шараларын ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен оның алдын алу мәселелері бойынша АИГИ қызметіне инспекциялық тексеру жүргізу кезінде құқық қорғау органдары мен бақылау-қадағалаудың уәкілетті өкілдеріне көмек көрсету;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты ұйымдастыруға қатысу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс нәтижелерін бағалауды жүргізу және тиісті есеп материалдарын дайындау.
- АИГИ-дің барлық қызметкерлері лауазымы мен еңбек өтіліне қарамастан өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты атқаратын болсын.

**Ректор, профессор:**

**Е.Ихсанов**